

2013 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 8-9с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда N 2054 тіркелді

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихаты 04.08.2014 N 14.2.3-3/167 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабы 8-тармағына және « Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысының 2-тармағына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2013 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде , бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. 2013 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларының мамандарына, өтініш берген сәтінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы берілсін.

3. Осы шешімнің күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

4. «Уәлиханов ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі уәкілетті орган

ретінде, осы шешімнің жүзеге асырылуына шаралар қолдансын (келісім бойынша).

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

V шақырылған IX сессия төрағасы А. Валеев	Уәлиханов аудандық мәслихаттың хатшысы Кәдіров
К Е Л І С І Л Д І : «Уәлиханов ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы	Н. Иманов
20 желтоқсан 2012 жыл «Уәлиханов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы	А. Нұрмағанбетова
20 желтоқсан 2012 жыл	